

**№55 жалпы білім беретін орта мектеп бойынша «Адал ұрпақ» жобасын
жандандыру туралы ақпараттық есеп**

Күні: 28 қазан 2025 жыл

Мекеме: №55 жалпы білім беретін орта мектеп

Жауапты тұлғалар:

- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Базилбаева Г.Т.
- «Адал ұрпақ» клубының жетекшісі – Бәкір М.
- Сынып жетекшілер мен педагог-ұйымдастырушы Сағатбек С.

Мақсаты: Оқушылардың бойында адалдық, әділдік, сенім, азаматтық жауапкершілік және парасаттылық қасиеттерін қалыптастыру, мектеп қауымдастығында жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту, әрі қоғамда әділдік пен ашықтық қағидаттарын насихаттау.

Жобаны жүзеге асыру барысында атқарылған жұмыстар:

1.«Адал ұрпақ» клубының жұмысын белсендіру: Клуб мүшелері жанартылып, жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Клуб отырыстарында «Адалдық – адамдықтың айнасы», «Парасаттылық – өмір өлшемі» тақырыптарында талқылаулар өтті.

2.Тәрбие және агартушылық іс-шаралар: Барлық сыныптарда «Адалдық сағаты» және «Парасаттылық мәдениеті» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Оқушылар арасында эссе жазу, сурет салу, бейнеролик түсіру бағытындағы шығармашылық байқаулар ұйымдастырылды. Мектеп қабырғасында «Адалдық бұрышы» мен «Парасаттылық бұрышы» жаңартылды, ақпараттық материалдар орналастырылды.

3.Қоғамдық және еріктілік бағыт: «Мейірімділік керуені», «Таза мектеп – таза қоғам» экологиялық және қайырымдылық акциялары өткізілді. «Адал ұрпақ» еріктілері ардагер ұстаздарға және көпбалалы отбасыларға көмек көрсету шараларына қатысты.

4.Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша бейнероликтер мен презентациялар көрсетілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде «Адал ұрпақ» жобасының жаңалықтары жарияланып, оқушылардың белсенділігі кеңінен насихатталды.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар арасында адалдық пен әділдікке негізделген мінез-құлық үлгісі қалыптасты;
- Мектеп ұжымында парасаттылық және ашықтық мәдениеті нығая түсеті;
- «Адал ұрпақ» клубы мектептегі тәрбие жұмысының тұрақты бөлігіне айналды;
- Оқушылардың әлеуметтік белсенділігі мен азаматтық жауапкершілігі артты.

Қорытынды: №55 жалпы білім беретін орта мектепте «Адал ұрпақ» жобасы жүйелі түрде және жоспарлы бағытта жүзеге асырылуда. Жоба аясында өткізілген іс-шаралар жас ұрпақтың бойында адалдық, мейірімділік және жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік беріп, мектептің тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруда. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да үздіксіз жалғасын табатын болады.

Есепті дайындаған



Базилбаева Г.Т.